

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі.

**«Әр өлеңі – бір әлем».**





**Мұқағали Мақатаев**  
**1931-1976**

*атты Мұқағали ақынды еске алуға  
арналған әдеби-сазды кеш сценарийі.*

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғлімі : Ид里斯ов А

2021-2022 оқу жылы



«Әр өлеңі – бір әлем» атты Мұқағали ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды кеш сценарийі

**Кештің маңсаты:** Ақын ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.

М.Мақатаевтың поэзиясының халықта кең таралуының мәні және оның өміршендеңдігінің сырты неде екенін таныту, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндері көпшілік назарына ұсыну.

**Көрнекілігі:** слайд, кітап көрмесі, ақынның өз дауысымен оқылған өлеңдері.

Сахнада ақын жайлы слайд. «Есіңе мені алғайсың» әні (баяу ойналып тұрады)

### I. «Арыз жазып кетейін» өлеңі.

#### 1-жүргізуши:

Болмаса егер ақиқаттан бөтені,  
Айтылған сөз арлы адамға жетеді.  
Түндиңсі дана менен дараның  
Жүректе өкен жайғасатын мекені.

#### 2-жүргізуши:

Жырыменен жүректерді тербеген,  
Жан жарасын талайлардың емдеген.  
Мөрі болған жиырмасыншы ғасырдың  
Мұқағали сыңды ақындар кемде кем.

**1-жүргізуши:** Ассалаумағалейкүм, қадірменді қауым!

**2-жүргізуши:** Армысыздар, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар!

**1-жүргізуши:** «Барлығы да, Поэзия, сен үшін», – деп әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағалидың құдіретті өлеңдері халқының жүргегінде. Шындығында, Мұқағали бойындағы тамаша таланттың жүртynna арнаған.

**2-жүргізуши:** Ендеше, бүгінгі кешіміз Хантәңірінің мұзбалағы, ақын ақын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған, миллион сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевқа арналады.

**1-жүргізуши:** Ақынның туған күні- 9-ақпан. Бұл күн қай жерде болмасын жыл сайын ақпан айында тойланған беретіні хақ.

**Екі жүргізуши бірге:** Ендеше, ақын шығармашылығына арналған «Әр өлеңі – бір әлем» атты әдеби-сазды кешке қош келдіңіздер!!!

**2-жүргізуши:** Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық-шынымен бақытты халық. Иә, Мұқағали – ғажайып, ақын, сыршыл, гуманист ақын. Оны біреулер «көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстарға толы жұмбақ ақын» десе,

**1-жүргізуши:** кейбіреүі: «Жоқ ол – қара өлеңнен қаймақ қалқыған қарапайым ақын, өлеңін бәріне түсінікті тілде жеткізген таңғажайып ақын» дейді. Өзінің 1834 өлеңімен миллиондаған, тіпті миллиардтаған жүректі жаулап алып, бірде жылатқан, бірде қуантқан Мұқағалидың ақын емес деп көріңіз..!

**2-жүргізуши:** Поэзия патшалығындағы пайымдауы өзгеден бөлек ақын жебелі жырын жүректерге ерекше үнмен, соны серпінмен жеткізді.

### **1-жүргізуі:**

Ән сал жаным,

Әнімен тербет мені.

Бір сәтке тынсын тірлік жер-көктегі,—

деп ақын жырлағандай, ақын өлеңіне жазылған әнге кезек берейік.

### **III. «Тұған өлкө» әнімен 9 «Б»-сынып оқушысы .**

**1-жүргізуі:** Ақының ақын 1931 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен Ұлы Отан соғысында, Калининград майданында, қайтыс болған. Анасының аты – Нәғиман. Әжесінің бауырында өскен соң, Мұқағали өз анасын «Нақа» деп атаған екен.

**2-жүргізуі:** Соғыс зардабы бұғанасы қатпаған балаларға ауыр салмақ салды. Сол бір сұрапыл жылдарда әжесі мен шешесінің, екі інсінің ортасындағы бас көтерер еркек кіндіктен өресегі. Мұқағали болып, бала иығын батпандай басқан отбасының ауырпалығын ерте сезе бастайды.

**1-жүргізуі:** Иә, ақын ерте есейді, еңбекке ерте араласты. Орта мектепті бітірген соң, ауылдың хатшысы, қызыл отаудың менгерушісі, комсомол комитетінде болды. 1949 жылы Лашын апамызбен өз отбасын құрды. Одан соң дүниеге Алмагұл, Шолпан атты екі қызы, Айбар, Жұлдыз атты үлдары келді. Ал, Майғұл есімді қызы 10 жасында қайғылы қазаға ұшырап, Мұқағали ағамыздың қабырғасын қайыстырды.

**2-жүргізуі:** 1954 – 1962 жылдары Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарды. Ал, 1962 – 1972 жылдарда «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім менгерушісі болып еңбек етті. 1972 – 1973 жылдары Қазақстан жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметін атқарды.

**1-жүргізуі:** Ақынның тұнғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол ауданында «Советтік шекара» газетінде жарық көрді. Ақынның шығармалары негізінен елге, тұған халқына деген сүйіспеншілігін, махаббатын, өмірге деген құштарлығын жырлауға арналған.

**2-жүргізуі:** : «Поэзия, менімен егіз бе едің»— деп ақын өзі жырлағандай, Мұқағали өлең жазып қана қоймай, өз өлеңдерін шебер оқы алған ақын. Ол біраз уақыт Қазақ радиосында диктор болып та қызмет етеді. Оның дауыс ерекшелігін, оқы мәнерін қазақтың Левитаны атанған Әнурбек Байжанбаев жоғары бағалап, өз қол астына алады. Ендеше Қазақ радиосының «алтын қорында» сақталып қалған ақынның өз дауысына құлақ түрелік.

### **1-жүргізуі:**

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде туылдым.

Айналайын Қарасаз,

Қасиетінен сүйнің!

### **2-жүргізуі:**

Сенің әрбір бұлағың —

Менің әрбір қан тамырым емес пе?

Қасиетті тұрағым,

Қасиетінен сүйнің!—деп тереңнен толғайды.

**1-жүргізуі:** Ендігі кезекті ақынның тұған жер, Отан туралы жырларына берейік.

**1.Жарқын Мейіржан «Үш бақыттым» өлеңі**

**2.Бекжігіт Аруjan «Қазақстан» өлеңі**

**3.Жетпіс Айжан «Отан» өлеңі**

**1-жүргізуши:** Сезім тебіреністері жүрек түкпірінен орын алғып, ойлантпай қоймайды. Кеше жыр болса, бүгінгі күні әнге айналған толғаныс теңізінің толқындарына құлақ тұрсек.

**1-жүргізуши:**

Поэзия – сәулемі сезімнің сыңғырлы үні, жүрек дүрсілі һәм қоңырауы. Ол жаңару мен түрленудің, нәр берудің құралы.

**Мұқағали:**

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып өзіне қайтарамын,— десе,

Ендеше, Мұхаңның әлеміне тереңірек бойлап, оның сыршыл поэзиясының төркінін үғудың да сәті келген сияқты.

**1-жүргізуши:** Ақын қалам тартпаған тақырып жоқ. Жыр сүйер қауымның Мұқағали поэзиясына деген құштарлығы толастаған емес. Ендігі кезекті ақынның жас оқырмандарына берейік.

**1. «Поэзия, менімен егіз бе едің?»**

**2. «Қараөлең»**

**3. «Кел, болашақ»**

**4. «Жастық»**

**5. «Болашаққа»**

**1-жүргізуши:**

Ұстап мінген тұлпардың тұяқтысын,

Талмай жазған ән-жырдың шуақтысын.

Өз халқының мұң-зарын, арман әнін,

Бәрін жазып кеткен сен сияқтысың.

Ән «Сәби болғым келеді».

«Бабаларым, рахмет сендерге»

**8. «Шеше, сен бақыттысың» өлеңі**

**9 «Әке» өлеңі**

«Кем болып жаралғам жоқ мен ешкімнен»

«Көктем де келер енді».

**12. «Сен менің жүрегімнің ішіндеңсің»**

**1-жүргізуши:** Ән «Есіңе мені алғайсың». Музыка пәнінің мұғалімі

**2-жүргізуі:** Ақынның «Аманат» жыр жинағы 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұғандегі Мұқағали ақынның 13 кітабы бойынша 1834 өлең, 19 поэмасы бар екені анықталып отыр. Мұқағалидың өлеңдерін жыр сүйер қауым ізден жүріп оқытын болды. Ақын өлеңдеріне 100 –ден астам әндер жазылды.

**2-жүргізуі:** Поэзия тынысын өзінше кеңейткен, қазақи формалар мен бояуларды сақтай отырып, «шекпен жауып қайтарып», жаңа леп, жаңа үн қосқан, сонымен соны соқпақ салған, өзінше өрнек ойған Мұқағалидың таудай тұлғаға айналарына құмән келтірмей, ол және оның поэзиясы туралы жылды лебіз, қонымды пікір білдірген замандастары болды.

**1-жүргізуі:** Соның бірі асқаралы ақын Әбділдә Тәжібаев: «Мұқағали Мақатаев — біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі. Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей, келешекке қарай керуен түзеп, көшө бермек» десе,

**2-жүргізуі:** Лирик ақын Тұманбай Молдағалиев: «Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жүлдіздарының арасынан сенің жүлдізыңды біз оңай танушы едік. Сенің жүлдізың — ең шүғылалы, ең мейірімді жүлдіз» -дейді.

**1-жүргізуі:** Қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынова: «Мақатаев бұл жалғанға қалдырған жарық сәүле – жырлары халқының басын құрап, елдік пен бірліктің, рухани тұтастықтың байрағына айналып отыр» деген екен.

### **1-жүргізуі:**

Мұқағали – қазақтың саңлағы,  
Мұқағали – ән жырдың шаңырағы.  
Шырқалғанда жырларың жаным толқып,  
Жүдеу тартқан көңілім жадырады.

#### **1. Мұқағали жырларына кезек берейік.**

**Құрметжан Сымбат «Елім барда», «Фаризаға».**

**2- жүргізуі:** Мұқағали-мәңгілік өмір! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-мәңгілік, болашақ үрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын кекірегінен бұырқана ағылған жыр жанартаулары өлең құмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына болып қала бермек. Ақынның сөзі өлмесе, өзі де өлмегені.

Шын жыр үшін туылған шалқар едің,  
Шындық үшін туылған арқалы едің.  
Шындығыңды ұмыттар кейбіреулер,  
Шын жырыңды ұмытпас дарқан елің,- деген жыр жолдарымен кешімізді аяқтаймыз.

**2-жүргізуі:** Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп раҳмет.